

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2026 жылғы 11 маусымдағы № 228 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 15 маусымда № 38962 болып тіркелді.

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Егіншілік департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі

А. Сапаров

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Жасанды интеллект және
цифрлық даму министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Өнеркәсіп және
құрылыс министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Сауда және интеграция
министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі

1. "Астық қолхаттарын шығара отырып, қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 16 сәуірдегі № 4-1/339 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32618 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

2-тармақтың 2) тармақшасы алып тасталсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Астық қолхаттарын шығара отырып, қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптарында және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесінде:

көрсетілген талаптарға қосымша осы Тізбеге 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

2. "Астықты сақтау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 26 маусымдағы № 4-1/573 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11839 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

2-тармақтың 2) тармақшасы алып тасталсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Астық сақтау қағидаларында:

2-тармақтың 1) және 2) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"1) өндірістік-технологиялық зертхана (бұдан әрі – ӨТЗ) – өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы заңнамаға сәйкес қолдануға рұқсат етілген тиісті аспаптармен, зертханалық жабдықпен және сынамаларды іріктеу және астық талдауларын жүргізу үшін қызмет көрсететін персоналмен қамтамасыз етілген;

2) өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы заңнамаға сәйкес тексеруден өткен таразы жабдығы мен салмақ өлшеу аспаптары (тексеру туралы сертификаты және салыстырып тексеру таңбасы бар)";

3. "Астық қолхаттарын шығару арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсетуге лицензия беру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларын бекіту туралы және кейбір нормативтік құқықтық актілердің күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2021 жылғы 1 маусымдағы № 178 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22952 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

"Астық қолхаттарын шығару арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсетуге лицензия беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесіне 2-қосымша осы Тізбеге 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің өзгерістер
енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
1-қосымша
Астық қолхаттарын шығара
отырып, қойма қызметі
бойынша қызметтер көрсету
жөніндегі қызметке қойылатын
біліктілік талаптарында және
оларға сәйкестікті растайтын
құжаттардың тізбесінде

Астық қолхаттарын шығара отырып, қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестік туралы мәліметтер нысаны

Астық сақтау қоймасының (элеватордың, астық қабылдау пунктінің) атауы:

Құқық иеленушінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі _____

Астық сақтау қоймасының мекенжайы және кадастрлық нөмірі

Меншік иесі (құқық иеленуші) _____

Технологиялық жабдықтың болуы туралы мәліметтер

Жабдықтың атауы	Өлшем бірлігі	20 ____ғы____ бар-жоғы	Жай-күйі
1	2	3	4
астық кептіру жабдығы	сағатына дана/тонна		
астық сақтау сыйымдылығы	мың тонна		
астық тазалау машиналары	дана		
белсенді желдету жабдығы	дана		
жылжымалы көлік жабдығы			
көтергіш-көлік жабдығы	дана		
сақтау кезінде астықтың температурасын және ылғалдылығын бақылауға арналған жабдық	жиынтық		
таразы жабдығы (белгіленген тәртіппен салыстырып тексерілген)	дана		

тиеу-түсіру құрылғылары	дана		
-------------------------	------	--	--

Интернет желісіне қолжетімділік туралы мәліметтер

	Сипаттамалары	20__ жылғы ____ бары
1	2	3
Интернет желісіне қолжетімділік		

Өткізу режимінің, аумақтың қоршалуының, асфальтталған және (немесе) бетондалған

аландардың болуы туралы мәліметтер _____

(асфальтталған және (немесе) бетондалған аландар бойынша көлемдер шаршы метрмен көрсетіледі)

Өлшем құралдарының типін бекіту немесе өлшем құралдарын метрологиялық аттестаттау туралы сертификаттардың болуы туралы мәліметтер, "Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес өлшем құралдарын салыстырып тексеру туралы мәліметтер _____

№	Құжаттың атауы	Құжаттың нөмірі	Іс-қимыл басталған күн	Іс-қимыл аяқталған күн	Метрологиялық қызметтің атауы
1	2	3	4	5	6

Астықтың сапасын айқындауға арналған өндірістік-техникалық зертхананың жарамды жабдықпен және аспаптармен жарақталуы туралы мәліметтер

Объект	Өлшем бірлігі	20__ жылғы _____ бары
1	2	3
Ақуыз құрамын анықтауға арналған құрылғылар	дана	
Пуркалар	дана	
Астық үлгілерін сақтауға арналған сөрелер	дана	
Астықтың зақымданғанын анықтауға арналған оптикалық аспаптар	дана	
Дәнмаңызының құрамы мен сапасын анықтауға арналған құрылғылар	дана	
Дәнді ұнтақтауға арналған диірмендер	дана	
Елеуіштер жиынтықтары	дана	
Зертханалық таразылар	дана	
Кептіргіш шкафтар	дана	

Құлау санын анықтауға арналған құрылғылар	дана	
Сынама іріктегіштер	дана	
Ылғал өлшегіштер	дана	

Техникалық басшылар мен мамандардың білікті құрамының болуы туралы мәліметтер

№	Маманның аты, әкесінің аты (бар болса), тегі	Лауазымы	Білімі бойынша мамандығы	Мамандығы бойынша жұмыс өтілі
1	2	3	4	5

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің өзгерістер
енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
2-қосымша
"Астық қолхаттарын шығару
арқылы қойма қызметі бойынша
қызметтер көрсетуге лицензия
беру" мемлекеттік қызметін
көрсетуге қойылатын негізгі
талаптардың тізбесіне
2-қосымша
Нысан

Астық қолхаттарын шығару арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестік туралы мәліметтер нысаны

Астық сақтау орнының (элеватордың, астық қабылдау пунктінің)

атауы: _____

Құқық иеленушінің бизнес сәйкестендіру нөмірі: _____

Астық сақтау орнының орналасқан жері және кадастрлық

нөмірі _____

Меншік иесі (құқық иеленуші) _____

Технологиялық жабдықтың бар-жоғы туралы мәліметтер

Жабдықтың атауы	Өлшем бірлігі	20 ____ғы____ бар-жоғы	Жай-күйі
1	2	3	4
астық кептіру жабдығы	сағатына дана/тонна		
астық сақтау сыйымдылығы	мың тонна		
астық тазалау машиналары	дана		
белсенді желдету жабдығы			
жылжымалы көлік жабдығы	дана		

көтергіш-көлік жабдығы	дана		
сақтау кезінде астықтың температурасын және ылғалдылығын бақылауға арналған жабдық	жиынтық		
таразы жабдығы (белгіленген тәртіппен салыстырып тексерілген)	дана		
тиеу-түсіру құрылғылары	дана		

Интернет желісіне қолжетімділік туралы мәліметтер

	Сипаттамалары	20__ жылғы ____ бар-жоғы
1	2	3
Интернет желісіне қолжетімділік		

Өткізу режимінің, аумақ қоршауының, асфальтталған және (немесе) бетондалған алаңдардың бар жоғы туралы мәліметтер _____

—

(асфальтталған және (немесе) бетондалған алаңдар бойынша шаршы метрдегі алаң көрсетіледі)

Өлшем құралдарының типін бекіту немесе өлшем құралдарын метрологиялық аттестаттау туралы сертификаттардың болуы туралы мәліметтер, "Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес өлшем құралдарын салыстырып тексеру туралы мәліметтер _____

№	Құжаттың атауы	Құжаттың нөмірі	Іс-қимыл басталған күн	Іс-қимыл аяқталған күн	Метрологиялық қызметтің атауы
1	2	3	4	5	6

Астық сапасын айқындауға арналған өндірістік-техникалық зертхананың жарамды жабдықпен және аспаптармен жарақталуы туралы мәліметтер

Объект	Өлшем бірлігі	20__ жылғы ____ бар-жоғы
1	2	3
Акуыз құрамын анықтауға арналған құрылғылар	дана	
Пуркалар	дана	
Астық үлгілерін сақтауға арналған сөрелер	дана	
Астықтың залалданғанын анықтауға арналған оптикалық аспаптар	дана	
Дәнмаңызының құрамы мен сапасын анықтауға арналған құрылғылар	дана	

Дәнді ұнтақтауға арналған диірмендер	дана	
Елеуіштер жиынтықтары	дана	
Зертханалық таразылар	дана	
Кептіргіш шкафтар	дана	
Түсу санын анықтауға арналған құрылғылар	дана	
Сынама іріктегіштер	дана	
Ылғал өлшегіштер	дана	

Техникалық басшылар мен мамандардың білікті құрамының бар-жоғы туралы мәліметтер

№	Маманның аты, әкесінің аты (бар болса), тегі	Лауазымы	Білімі бойынша мамандығы	Мамандығы бойынша жұмыс өтілі
1	2	3	4	5